

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 1733 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 қаңтар N 30. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.15. N 245 қаулысымен. ~P990245

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, аудару және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төлемді жүзеге асырудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы N 1733 P971733_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, аудару және зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төлеуді жүзеге асырудың тәртібінде:

10-тармақтың бірінші абзацындағы "000015" деген сан "015" деген санмен ауыстырылсын;

23-тармақтың бесінші абзацындағы "000010" деген сан "010" деген санмен ауыстырылсын;

29-тармақтағы:

бесінші абзацтағы "қорлар" деген сөз "жарналар" деген сөзбен ауыстырылсын

;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Банктердің Орталыққа ақша аударуы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен төлем жүйесіндегі жұмыстарға арналған форматтарға сәйкес жеке адамдардың тізімімен қоса электрондық төлем тапсырыстарымен жүзеге асырылады.

Елуден астам қызметкерлері бар заңды тұлға банкке жоғарыда

көрсетілген форматта, электрондық таратушыдағы жеке адамдардың тізімімен қоса, төлем тапсырыстарын ұсынады (байланыс желілері бойынша не магнитті таратушыларда).

Екінші деңгейдегі банктерге деректерді өңдеу жөнінде және/немесе міндетті зейнетақы жарналарын аудару жөнінде клиенттерге ұсынылатын қызметтер үшін банктің іс жүзіндегі шығындарынан аспайтын мөлшерде ақы алу ұсынылсын".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК